



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

- бұқаралық ақпарат құралдары дизайнының даму ерекшеліктерін анықтау және дизайн жобасымен іске асырудың жолдарын қарастыру және тәжірибелік - эксперимент жүзінде тексеріп, нәтижелерін саралау, дизайнерлік ұсыныстар жасау;

- бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылған түстердің және түс үйлесімділігінің психикалық және физиология тұрғысынан әсер етуін зерделеп, теориялық және тәжірибелік әдістеме құралдарын құрылымдау.

Әлемдегі сан түрлі оқиғалар мен жаңалықтарға жылдам қол жеткізіп, әлеуметтік проблемаларға қорытынды жасап, олардың шешілуіне ықпал ету мүмкіндігін туғызуға бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі зор, сонымен қатар журналисттік ақпаратты тауар ретінде қарастырып көруге болады. Сондықтан, оның қоғамға берер эстетикалық, рухани байлығын да зерделеу қажет.

Осы жоғарыда қарастырылған мәліметтердің болашақ дизайнерлерге берері мол. Бұқаралық ақпарат құралдарының дизайны бойынша қызмет атқарғанда осы мәліметтердің арқасында әлемдік деңгейдегі ғалымдар, дизайнерлер мен мамандардың еңбектерімен таныса келе, тың ой туындап, жаңа көзқарас қалыптасары сөзсіз.

Қолданылған әдебиет

3. Нұрбекова Р.Қ. Жалпы тарих және халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушы, автореферат, Астана, 2013 жыл, 27 бет.
4. «Қазақ» баспасы, 1898 жыл, №10
5. Ғаламтор желісінен
6. Омарова Б.Ә. «Алаш баспасөзінің ұлттық сананы оятудағы қызметі», мақала, 2014 жыл.
7. Қозыбаев С. Әлем баспасөзі тарихынан. / С. Қозыбаев, А. Рамазанова, Қ. Аллаберген. –Алматы: Санат, 1998. – 300 б.
8. Бекхожин Х Қазақ баспасөзінің тарихының очеркі / Х.Бекхожин. – Алматы: Ғылым, 1981. – 191бет.
9. Дала уалаятының газеті / Киргизская степная газета. / Құраст. Субханбердина. – Алматы: Ғылым, 1994. – 816 бет.
10. Шындалиева Мендігүл, «Шетел журналистикасы», Оқулық, - Астана, -2013. - 263 б.
11. Тасболатов Е. Алғашқы мұсылмандық басылымдар, Мақала, 2014 жыл.

УДК 747.012.2

ЗАМАНАУИ ИНТЕРЬЕР ДИЗАЙНЫ СТИЛЬДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ҮРДІСІ

Айдарова Бағила

aidarova.baqila@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн» кафедрасының магистранты

Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент Б.Ж.Еспенбетов

Интерьер дизайнындағы «заманауи стиль» дегеніміз – тұрғын кеңістікте түзу сызықтар мен қарапайым пішіндердің және аксессуарлар мен декорлардың аз көлемде болуы, адамға мейлінше жайлы орта түзуді көздейтін көркем бағыт. «Заманауи» сөзінің мағынасы – «бүгінгі», «қазіргі кезең» дегенді білдіреді. Алайда кеңінен алып қарастыратын болсақ, заманауи стиль – ең алдымен дәстүрлі стильдің тікелей қарама-қайшылығы болып табылады. Заманауи интерьерде кеңістікте заттар аз және қарапайым. Мысалы, томпақ бедерлердің орнына біркелкі беттер, ою-өрнектің орнына бейтарап суреттерімен әрленген маталар, сөреге қойылған ұсақ-түйек немесе сурет галереясының орнына аз көлемдегі аксессуарлар қолданылады. Егер, заманауи стильде классикалық интерьердің жылы жайлылығы болмаса, ол мүлдем жағымсыз әсер қалдырмайды және тұрмысқа жайсыз деп айта алмаймыз.

Қазіргі таңда адамдардың сөйлеу мәнерінде заманауи стиль түсінігін модерн стилімен шатастыратындарды едәуір жиі кездестіреміз. Дегенмен заманауи стильдер әртүрлі болып келеді. Мамандардың пайымдауынша модерн XX ғасырдың басындағы қолданбалы өнердегі басты бағыттардың бірі болып саналған. Бұл сол заманда кең таралған стиль болып есептеледі және бүге-шүгесіне дейін зерттеліп, өзіне тән сипатымен ерекшеленген. Ал, заманауи қолданбалы өнерге тоқталатын болсақ – ол еркін және еш бір заңға сүйенбейді. Қолданбалы өнердің бірнеше негізгі белгілері бар және өте қолайлы қолданбалы көркем жүйе болып табылады. Бірақ оны ағымдағы кезде нақты суреттеу өте қиын.

Сызықтар мен пішіндегі мықты акцент (жарқын дизайнды қалыптастырушы екі нәрсе) заманауи стильдің энергетикасын анықтайды. Бұл – табиғи жарық пен ауаға тола ашық кеңістіктің интерьері.


Егер, сізге сурет галереясындағы абстракциялы кескіндеме бәрінен бұрын ұнаса, үйіңізде «минимум» сөзі бар бірнеше кітап болса, ауыр маңдайшалар клаустрофобияға әкеліп соқтырса, мектепте оқығанда геометрия сабағына бейім болсаңыз және заттарыңызды көрінбейтін сөрелерге салып, бөлмені ақ түске бояғанды ұнатсаңыз, демек сізге заманауи стиль ұнайды.



Стильдің ерекшелігі – түзу сызықтар, жазықтық, бұрыштардың болуы. Ең бастысы қарапайым геометриялық сызықтар қолданған жөн (дөңгелек, шар, төрт бұрыш, цилиндр және т.б). Дегенмен, сіздің үйіңіздегі барлық заттар тік бұрышты болуы міндетті емес. Интерьерге бірнеше қисық сызықтар еңгізу арқылы оны жандандыруға болады.




Ақ, қара, сұр, ақшыл сары – заманауи стильдің талабына сай жиі қолданатын түстер болып саналады. Монохромдық түстік шешімді қолданғанда пішіндер мен сызықтардың алдыңғы қатарға шығуына септігің тигізеді. Жалпы «бейтарап түстік гамма» түсінігі өте кең. Мысалы, басты түске кез келген қиын, бір сөзбен айтып жеткізе алмайтын түсті алып көріңіз («сұрғыш көгілдір», «кілегей қосылған кофе»). Сол түске жартылай тон қосыңыз. Егер сіз әлі де қанық түс қосу керек деп ойласаңыз, ол қабырғаның бір элементі немесе жиһаздың бір бөлшегі болуы тиіс.



Заманауи дизайн ашық кеңістіктің мол болуымен ерекшеленеді. Ашық кеңістік жай ғана кең, бос кеңістік емес, ол асқан шеберлікпен әрленген өнер туындысы деп те айтуға болады.


Аз элементтермен құрылымдалған тым үлкен бөлмелер «футбол алаңы» немесе «кең дала» ассоциациясын тудыруы мүмкін. Сол себепті кеңістікті әрлендіру үшін топтық жиһаз орналастырумен айналысу қажет. Жарықты дұрыс қолдану керек. Мысалы, аласа ілінген шамдар, локальді шамдардың арқасында төбе аласа болып көрінеді және жағымды атмосфера туғызады.



Заманауи стильде едендерге кілем төсемейді, жалаңаш күйінде қалдырады. Бұл стильге жазық, қатты тақтайлар лайық. Еш нәрсемен жабылмаған еден кез келген

материалдан жасалуы мүмкін. Заманауи дизайнда қолданылатын материалдар – ашық немесе қара түсті ағаш (венге), табиғи тас, керамогранит немесе цемент болуы мүмкін.

Жоғарыдағы айтылғандардың барлығы кілемнің мүлдем болмауы керек дегенді білдірмейді. Ең бастысы ол кілемнің қандай екеніне байланысты. Біз заманауи интерьерге шығыс ою-өрнектері бар кілемді төсей алмаймыз, керісінше бейтарап суреттері бар, геометриялық пішіндер бейнеленген немесе ерекше текстурасымен және ұстауға жағымдыларын қолданған дұрыс деп санаймыз.



Интерьерде жылтырап тұратын заттардың болуы міндетті. Хромдалған металл, болат, пластик, қыш тақтайшалар және де басқа материалдар қолданылады. Аталған материалдарды бір-бірімен араластырып қолдануға болады. Жарық және жылтыр әсерін туғызады. Тым жылтырап кетпеуі үшін интерьерге жылтырамайтын элементтер қосқан дұрыс. Түзу жазықтыққа сонымен қатар фактуралық бөлшектер қолдануға болады – рельефті әйнектен жасалған бірнеше ваза заманауи стильдің керемет пішініне жақсы үйлеседі.



Заманауи интерьер дизайнның жиһаз қарапайым пішіндерден құрастырылған.

Индустриялық дәуірдің шынайы туындысы – лофт стилі болып табылады. Бұл тұрғын емес үй-жайды әбден жарамды тұрғын ортаға айналдыратын шатырдағы жай стилі. Бұндай стиль өмір сүруге жарамды болғанымен қоса, қазіргі кезде сәнділігімен өз орынын тауып

отыр. Қазіргі таңда бұл стиль Ресей интерьер дизайнында әдепкі күйінде ұсыныс алмағанымен, лайықты тұрғын үйді безендіру кезінде белсенді қолданылып келеді.

Батыс елдерінде лофт стилін интерьерде қолдану қалыпты жағдайға еніп отыр. Сол себепті оның біздің елде көпшілік тұрғын үйде қарқынды қолданысқа енуін түсіндіруге болады. Лофт стилі – өңкей урбанистік өнім болғанымен, бұл стильді әсіресе мегаполистер мен ірі өнеркәсіптік қалаларда қолдану өз өзектілігін тауып отыр [1].



Лофт стилінің пайда болуы. «Loft» ағылшын сөзінің мағынасы – шатырдағы жай, жоғарғы қабаттағы бөлме дегенді білдіреді. Бұл интерьерлік стильді осы сөзбен белгілеу жақын арада пайда болды, алайда, бұл стиль жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында Нью-Йорк қаласының Манхэттен өнеркәсіптік ауданында пайда болған. Өткен ғасырдың 40-шы жылдарында дәл сол жерде алғаш рет ескі өнеркәсіптік ғимараттардың арзан бөлмелерін тұрғын үй және офистік бөлмелер ретінде қолдана бастады. Қала орталығында жер бағасының қарқынды көтерілу себебімен өнеркәсіп иелері қала шет аймақтарына көшіп кетті, ал босаған зауыт ғимараттарының бөлмелеріне жас, қарапайым, шығармашылық мамандықтардың өкілдері ие бола бастады. Суретшілер мен музыканттарға биік төбелі кең бөлмелерді тұрғын үй ретінде орналастыру тек баға жағынан ғана олжалы болып қоймады. Бұған тұрғын үй мен шығармашылық шеберхананы біріктіру де осы шешімге өз үлесін қосты. Сонымен қоса, өңделмеген кірпіш қабырғалар, бөренелер, құбырлар және басқа да өнеркәсіпке тағайындалған нәрселер қол тимеген қалыпта қалып, мекендеушілерге еш кедергісін тигізбей, интерьерге өз сонылығын беріп тұрды [2].

Дәл осы сонылықты әрі қарай стилистикалық ағым ретінде дамытуға әйгілі архитектор және дизайнер Энди Уорхолл негіз салды. Кейін бұл стильдің әрі қарай дамуына Америка мен Еуропаның басқа да атақты интерьер дизайны шеберлері өз үлестерін қосты. Шамамен он жыл уақыттың ішінде лофт стиліндегі өзіндік тұрғын үй тек лайықты деп саналып, бай емес суретшілер мен музыканттардың қалталарына ауыр соқты.

Лофт стилінің концепциясы. Жаңа интерьер стилі «шатыр жайы» деген мағынаға ие болғанымен, интерьер кеңістігін ұйымдастыру жолында жаңа концепцияға жағдай жасайды. Лофт интерьерінде жекеленген бөлмелер көп жағдайларда болмайды. Мұнда бөлмелер шартты функционалды зоналарға бөлінген [3].

Лофт стиліне тән қасиеттерге тоқтала кетейік. Интерьердегі лофт стилінде ең бастысы ашық кеңістік және жарықтың көп болуы. Сол себепті осы стильге тән тұрғын үйдің көлемі айтарлықтай кең болуы тиіс. Бұл стильдің кеңістікте қалыптасқан басты белгілері:

- жайдарылық (салмақ түсіретін қалқалардың болмауы);
- төбенің биік болуы (3 метрден 10 метрге дейін);
- кеңістіктің кең болуы;
- кең терезелер болуы (кей кезде бүкіл қабырғаны алуы мүмкін).

Лофт интерьер стилінде әрлеу фактурасы ультрозаманауи материалдардың үйлесуімен (әйнек пен болат) қатқыл бөренелер мен аяқталмаған әрлеудің (әрленбеген кірпіш, жуан бөренелер мен тақтайшалар) болуымен ерекшеленеді. Тегіс боялған немесе кірпішпен қаланған қабырғаға тақтай еден мен төбе бөренелері заманауи стильдің келбетін сыйлайды.

Заманауи стиль қазіргі уақыттың философиясын суреттейді, оның басты мақсаты – барынша тұрмысты жеңілдетіп, отбасы әр мүшесінің даралығын көрсету. Қазіргі стильдің негізгі ұраны – игеру мен қолдануда функционалды, жеңіл және қарапайым болғаны абзал. Ондай ансамбль ережелері көппішінді композиция тектес. Оларды стилистика мен туынды емес, эстетикалық қабылданған пішіннің ішкі заңдары біріктіреді[1].

Ойымызды қорыта келе айтарымыз – біз осы сарапталған лофт интерьер стилін қазіргі тұрғын ортада көре аламыз және оларды заманауи сұранысына сай интерьер дизайны стильдері қазіргі таңда өте ауқамды көлемде қолданысқа ие болуына куәгерміз. Болашақта заманауи стильдердің қайдан бастау алып, қалай дамығанын және келешекте қай бағытта өрбитінін зерделеу жұмыстарын жасау жалғасын табады деп сенеміз.

Қолданылған әдебиет

1. http://www.dipris.ru/stili_interera/
2. <http://www.interiv.ru/styles/139/2074/>
3. Певзноро Н. Пионеры модерна. – Москва, Искусство. 1936, 172 с.
4. Лус А. Орнамент и Преступление. – Москва, Искусство. 2003, 217 с.
5. Лус А. Форма без орнамента. – Москва, Искусство. 1998, 156 с.

УДК 747.012

«ЗАКОН ФИТТСА» В РАЗРАБОТКЕ ГРАФИЧЕСКОГО ИНТЕРФЕЙСА

Арыстанова Гульмира Темирхановна

gulmirka@inbox.ru

Магистрант ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – к.п.н., доцент К.М.Бегимбай

Были исследованы последние работы в направлении искусственного облегчения процесса наведения курсора до цели в графических пользовательских интерфейсах. В то время, как в физическом мире подобное наведение управляется законом Фиттса, а также существуют ограничения физическими законами, то наведение в виртуальном мире не обязательно должно подчиняться тем же правилам, открывая тем самым возможность «победить» закон Фиттса, при помощи компьютера, путем искусственного понижения дистанции до цели, повышения ширины цели или же оба варианта. Данная работа рассматривает имеющиеся технологии, которые на первый взгляд являются много обещающими, но когда речь идет о некотором множестве изолированных целей, соединенных в одно множество, многие из этих методов не справляются (они не масштабируемы). В дизайне графического пользовательского интерфейса эта ситуация является очень частой, когда множество изолированных целей находятся очень близко к друг другу.

В течении последних двух десятилетий, такое действие, как наведение курсора мыши до цели на мониторе (т.е. иконки, меню, кнопки и т.п.) стало очень частым и фундаментальным действием в коммуникации человека и компьютера. Учитывая распространенность наведения курсора во всех приложениях, где используется графический интерфейс, даже малейшее улучшение в производительности наведения курсора может иметь значительное влияние на общую продуктивность. Очень важной для разработчиков и дизайнеров графического интерфейса является оптимизация производительности наведения курсора до максимального возможной степени.